

2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылатын ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өндірісіне кредит беру үшін қарыз беруші банкті белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 мамырдағы N 499 қаулысы

"Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өндірісіне кредит беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 ақпандағы N 233 қаулысына сәйкес 2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген 1 879 000 000 (бір миллиард сегіз жүз жетпіс тоғыз миллион) теңге сомасындағы қаражат есебінен жүзеге асырылатын ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өндірісіне кредит беру үшін қарыз беруші банк ретінде "Аграрлық кредит корпорациясы" акционерлік қоғамы белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "Аграрлық кредит корпорациясы" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру үшін тиісті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі